

«Махаббат»

Автор - Александр Нордаль

Canon амбассадоры

Төменгі жақта – оң қырымен суға сүңгіген ақ кит. Бозғылт денесі судың астында, аузы, дөңес маңдайы, тұмсығы судың бетінде, кадрдың ортасында. Өрнекті жемпір, тоқыма қалпақ киген сақалды балықшы қайықтан еңкейіп, маңдайын киттің тұмсығына тақаған. Судың астынан мөлтілдеген киттің қап-қара көздері балықшының көзіне үңілген.

Балықшы күлімсіреп тұр, кит күлімсірегендей тістерін ақситқан. Көкпенбек су Норвегияның бұлтты аспаны көмкерген тау бөктерлеріне ұласқан.

Суретті Canon 5D Mark IV-пен 2020 жылдың 10 қыркүйегінде 15:36-да түсірдім. Әлемге әйгілі ақ кит Хвалдимирдің таңғажайып хикаясы, алып жануар мен бұрынғы кит аулаушының арасындағы таңғажайып достық.

Бәрі 2019 жылдың сәуірінде, суреттегі Йоар Хестон әкесімен және ағасымен Норвегияның солтүстігіндегі Хаммерфест маңында балық аулап жүргенде басталған. Бірде кемелердің арасынан жүзіп бара жатқан елес тәрізді үлкен көлеңкені байқаған.

Жалпы киттер таңсық болмағанымен, ақ кит көрмепті. Әдетте олар Шпицбергеннен 800 шақырымдағы су қоймаларында ғана кездеседі.

Сол мезетте Йоар мен қасындағылар жануардың денесіне бірдеңе оралып қалғанын байқаған. Бәрі тор деп ойлап тұрғанда Йоардың әкесі: «Бұл – ат әбзелі!» – деп айқайлап жіберген.

Йоар бұрын кит аулағанымен, жануарға көмектесуге бекінген. Әбзелді алып тастамаса, терісіне дендеп, жарақаттап, жанына батуы, тіпті ажал құштыруы мүмкін. «Судың астымен барамын», – деді Йоар әкесіне.

Кит аулаудағы дағдыларын қолданып, Йоар енді солардың бірін құтқаруға бел буды. Жағалау күзетімен кеңесіп, мұздай суға сүңгіді.

Біраз еңбектеніп, Йоар, жағалау күзетінің адамдары ат әбзелдерін алып тастады. «Санкт-Петербург жабдықтары» деген жазуы бар екен. Китті «Хвалдимир» деп атады.

Солтүстік жағалауда жүргенде Хвалдимир айлаққа жиі келіп жүрген. Біреуді іздеп жүргендей көрінген. Адамдардың суға түсіп кеткен телефондарын алып беріп, ойнақтап жүрген.

Бірте-бірте жаңалыққа айналған. Әлеуметтік желілер, жаңалықтар жарыса жазған. Кейбіреулер оны аквариумнан шыққан деген.

Қайдан шықса да, халықтың ықыласы ерекше болды.

Балық аулау маусымы аяқталып, Йоар оңтүстікте 1000 шақырым жердегі Лёдингенге көшкен.

Мен 2020 жылы жазда Йоардың ауылының оңтүстігіндегі Лофотенде едім. Француз ғалымы, сүңгуір Фабрис Шноллер қонаққа келді.

Хвалдимирдің оңтүстікке қарай мың шақырым жүзіп, Йоар тұратын фьордқа жеткенін айтты. Құтқарушысын іздеп барыпты.

Хвалдимирдің өмірі оңбапты. Сайдамен қоректеніп, бір балық фермасынан екіншісіне өткен.

Адамдарға жақындығын байқаған балық тұқымбағындағылар асырап жүргенде кеме бұрандаларына ұрынып, ауыр жарақаттаныпты. Йоар оған жиі барып тұратын, ал мен олардың ерекше достығын түсіріп алғым келді.

Оңай болмайтынын білдім. Хвалдимир басқаша еді, киттер ортасында өмір сүрмеген.

Суға түскенімде жанымда жүзіп жүрді. Терісі тегіс, суық әрі жұмсақ, бірақ ішінде бір алып күш жатқандай. Арандай аузын ашып, бірдеңе талап еткендей, мінез көрсетіп қояды. Тілі тура зімпара.

Бірнеше рет қайыққа оралуға тура келді, ал Хвалдимир бала сияқты ренжіп қалатын.

Күнделікті бақылап жүріп, камераға түсіріп алдым. Судың астында түсірдім. Ақкөңіл алыптың ойқастап билегеніне, ұйықтағанына, оянғанына, қайықтарды қуалап ойнағанына куә болдым.

Йоардың теңіз патшалығындағы досымен жүздескен сәттерін түсірдім. Алайда адамдар мен жануарлар әлемін біртұтас етіп түсіру қолымнан келмеді.

Хвалдимир тым мазасызданғанда қайыққа оралып отырдық. Бірде Йоар қолын суға салды. Хвалдимир оны бірден танып, жұмсақ әрі суық терісімен досының күшті әрі дымқыл қолдарына сүйкенді. Сүйсіне еркелегенін көрдім.

Балықшының еңкейгенін, Хвалдимирдің жақындай түскенін тебіреніспен тамашаладым.

Басымен Йоардың қолын судан шығарып, оған қарай тартыла түседі. Еркелегенін түсініп, Йоар басын иеді. Киттің тұмсығына тақайды. Күлімсіреп, ерекше мейіріммен бір-біріне жақындай түседі. Хвалдимирдің көздерінен өзін өлімнен құтқарған адамға деген сүйіспеншілік, алғыс анық аңғарылды.